

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің әкімінің 2021 жылғы 29 маусымдағы "Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылының Ақжол, М.Омаров, Ақсу көшелері аумағында шектеуіс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1-03/5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 қарашада № 25236 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10–1- бабы 8) тармақшасына, Ақсу қаласы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2021 жылғы 6 қазандағы № 2-19/495 ұсынысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылының: Ақжол, М. Омаров, Ақсу көшелері аумағында ірі қара малдардың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс - шараларды жүргізумен байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 маусымдағы "Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің Мәмәйт Омаров атындағы ауылының Ақжол, М. Омаров, Ақсу көшелері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/5 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23355 болып тіркелген).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округінің әкімі

Б. Сукер